

Әкімшілік басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік – басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестеге сай жұмыс жасайды. Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы төмендегіінше :

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымын басқару қызметін Н.Т.Абдуллина атқарады. Педагогикалық еңбек өтілі-14 жыл. Осы аталған мекемеде 01.09.2007 жылдан бері жұмыс жасайды. Тәрбиеші қызметі бойынша-8 жыл, әдіскер қызметі бойынша-4 жыл, меңгеруші қызметі бойынша-3 жыл. Білімі – жоғары:

1. Ақтөбе гуманитарлық колледжі 2007-2010жж. мамандығы «Мектепке дейінгі тәрбие»

2. С.Бәйішов атындағы Ақтөбе университеті 2010-2013жж. мамандығы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»

Басқару қызметін талдауы басшы мен әкімшілікпен, педагогтар арасында өзара анықталған қарым-қатынаста жұмыс жүйесін түсінікпен орындалатыны көрсетеді. Жылдық жұмыстың жоспарын талдау соңғы 3 жыл ішінде педагогикалық кеңес хаттамасы, оқу тәрбие процесін бақылау негізінде жұмыстың барлық құбылысы қаралды.

Әдіскер-Н.Т.Абдуллина меңгерушілік қызметпен қоса әдіскерлік қызметті атқарады.

Медбике- Б.А. Маханова, білімі арнаулы орта, Ақтөбе дәрігерлік училищесін бітірген, осы мекемеде еңбек өтілі 3 жыл.

Медбикенің құжаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 09 шілдесіндегі № 23469 бұйрығы негізінде «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған.

Есепші – Р.С.Габбасова Білімі арнаулы орта Ақтөбе кооператив училищесін бітірген, осы мекемеде 2жыл жалпы еңбек өтілі 36 жыл.

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкасы талапқа сай. Бұйрықтар кітабы сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы ахуалды қарым-қатынас қалыптастырылған.

Тәрбиеленушілердің контингенті

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымында жалпы тізім бойынша -75 бала. Балалардың құрамы 3-5жас аралығын қамтиды, барлығы 4 топ. Топтардағы балалар санының орташа тығыздығы 19 бала. Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі. Соңғы жылдардағы қатысымы:

2018 жыл-61%

2019 жыл-79%

2020 жыл-82%

2021 жыл-81%

Токсан сайын және ай сайын сайын балалардың қатысымы мен наукастануы есепке алынып қортындыланып отырады. Ата-аналармен жасалған келісім шарттар бар. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу журналы, талапқа сай жүргізілген.

Оқу-әдістемелік жұмыстар

Мектепке дейінгі ұйымның алға қойған мақсаттарының бірі балалардың тілдік қарым-қатынас және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға қойған :

- Балалардың коммуникативтік дағдыларын арттыру;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту;
- Үлкендерге және құрбыларына ізеттілік көрсету;

Осы алынған міндеттемелер балалармен жүргізілетін оқыту-тәрбие жұмыстарында, оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

2018-2019 оқу жылында негізгі оқу жоспарының мазмұны «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 5 бабының 6-шы тармақшасына